

Хаттама №9

17.03.2025ж

№ 43 «Гүлдәурен» балабақшасының жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде:

1. «22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні» мерекесі қарсаңында аз қамтылған, көп балалы отбасылар мен жетім балаларға арналған қайырымдылық жәрмеңкесі өткізу. Түскен қаражат жоғарыда аталған отбасыларға көмек ретінде жұмсалады.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Дузбаева Салтанат Адилбекова әдеттегідей, қамқоршылық кеңес жиналысын өзі бастады.

- Қайырымдылық — адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар. Бірі — рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау), Екіншісі — іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу). Осы орайда, сіздерге мейрам қарсаңында екіншісін ұсынбақшымын. Осыған дейінде біз қайырымдылық істерден құр жаяу емеспіз. Қолымыздан келгенше, жасап келеміз, әлі де жасай береміз. Сіздер қалай ойлайсыздар?

Шығып сөйлеушілер:

Комиссия мүшесі: Мәзін Мира Жексенқызы

Қайырымдылық жасау үшін асып-тасып бай болу керек емес. Ең бастысы мейірімді жүрегің мен таза ниетің болса жеткілікті. Кез келген қиын жағдайда адам баласы әр түрлі бағытта көмек қолын соза алады. Өзіңіз айтып өткендай, қайырымдылықтың екі түрі бар. Біреулер жаны жабырқау жүргендерді жұбата отырып күлкі сыйласа, екіншілері қиын сәтте қол ұшын беріп, көмек жасайды. Бүгінде сондай игі істер, түрлі акциялар қайырымдылықты өмірлік мақсат еткен жомарт жандардың саны жылдан-жылға артып келеді. Мен әрдайым сіздің жақсы бастамаңызды қолдаймын. Осы орайда, сізге бір ұсынысым бар. Бөбекжай-бақшада тәрбиеленіп жатқан балаларымыз күні бойы жасаған жұмыстарын атааналарына

ұсынса, сосын әр ата-ана өз баласының жасаған жұмысын сатып алып, ол ақшаны қайырымды іске жұмсаған болар еді. Бір жағынан, баласының жұмысын бағалайды, бір жағынан сауапты іске өз үлесін қосады. Бұған қалай қарайсыздар?

Комиссия мүшесі: Азаматов Алмат

Сөз сөйлеген кеңес мүшесі Азаматов Алмат да осы пікірді қолдай отырып, керемет ұсыныс екенін атап айтты. Әрбір жақсылық жасауда жарысып, асықса ол ізгі амалдары жауапсыз қалмас еді.

Комиссия мүшесі: Муса Балнур

Бұл бастамаңызды екі қолымды көтеріп қолдаймын. Әрине, аудан кәсіпкері ретінде бұнымен шектелмей өз үлесімді қосамын. Адамдарға жақсылық жасау – бақытқа жетелейтін қысқа жолдардың бірі. Бұл тек қана кісінің жеке басына ғана қатысты емес. Сонымен қатар қоғамның да бақытына жол ашатын бірден-бір мәселе екенін айта кету керек.

Қаулы етеді:

1. Мереке қарсаңында аз қамтылған, көп балалы отбасылар мен жетім балаларға арналған қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылсын.
2. Түскен қаражат аз қамтылған отбасыларға көмек ретінде жұмсалсын.

Осыны жауапты Ильиясов Арманға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:
Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Дузбаева Салтанат Адилбекова
Баширова Лаура Қуанышқызы

Келісемін:

Балабақша басшысы К.Т. Шокпарова